



БҰЙРЫҚ

18.03.2020 ж
Жаңа Қаратон кенті

ПРИКАЗ

№ 12
поселок Жана Каратон

«Конкурсты тоқтату туралы»

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Д.К.Сариевтың 2 наурыз 2020 жылғы ұйғарымы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы негізінде «№22 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 02 наурыздағы №46 бұйрығымен жарияланған конкурс сот шешімі анықталғанша өткізуге тыйым салынсын.
2. Осы конкурстың өткізілуіне тыйым салынғандығы төмендегі комиссия мүшелеріне хабарлансын.
 1. Молдакулова Светлана Турегалиевна – мектеп директорының міндетін атқарушы, комиссия төрағасы;
 2. Байгужина Зульфина Максимовна – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
 3. Қанаев Мұхамбет Жалғамәулі – қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүше;
 4. Айтжанова Назерке Қадырбекқызы – аудандық қаржы бөлімінің коммуналдық мүлікті басқару секторының бас маманы, мүше;
 5. Джембаева Гүлжамал Тасмағанбетовна – аудандық білім бөлімінің есепшісі, мүше;
 6. Баданова Назира Амановна – әлеуметтік педагог, мүше;
 7. Тажигалиева Айман Абуовна - мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, мүше;
3. Осы бұйрық мектептің электрондық сайтына жариялансын.
4. Жалғанды: Ұйғарым.

Негізі: Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.К. Сариевтің 12 наурыз 2020 жылғы ұйғарымы.

Мектеп директорының міндетін атқарушы



Молдакулова С.Т.

ҰЙҒАРЫМ

(арызды қабылдау, азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу туралы)

2020 жылы 12 наурыз

Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.Қ.Сариев, ЖК Мамбетова Акмарал Дюсенгалиевна «№8 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№15 С.Карабалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№19 М.Сатыбалдиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№22 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№23 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ әрекеттерді заңсыз деп тану туралы талап арызын қарап,

анықтaғaн ы:

ЖК Мамбетова Акмарал Дюсенгалиевна «№8 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№15 С.Карабалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№19 М.Сатыбалдиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№22 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, «№23 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ әрекеттерді заңсыз деп тану туралы талап арызы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (келесіде – АІЖК) 149-150 баптарына сәйкес келеді. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға және оны қайтаруға негіз жоқ.

Мұндай жағдайда талап арызды сот ісін жүргізу үшін қабылдап, азаматтық іс қозғау қажет деп есептеймін.

АІЖК-нің 14 бабына сәйкес, талап арыз қазақ тілінде берілгендіктен, сот ісін қазақ тілінде жүргізу қажет. Жоғарыда көрсетілгеннің негізінде істі сотта қарауға әзірлеу әрекеттерін жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (келесіде – АПК) 166-170 баптарын басшылыққа алып, судья,

ұйғарым еттi:

Талап арызы сот ісін жүргізу үшін қабылданын. Сот ісі қазақ тілінде жүргізілсін.

Азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу және алдын ала сот отырысы 2020 жылдың 31 наурыздан кешіктірмей өткізілсін:

Азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу үшін келесі әрекеттер жасалсын:

- талап қоюшы және жауапкер сотқа келуге немесе дұрыс ресімделген сенімхатпен өкіл жіберуге міндеттелсін;
- арыздың көшірмесі жауапкерге жолдансын;
- талап қоюшы заңды тұлғаны (жеке кәсіпкерді) мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін, статистикалық картасын, СТН куәлігін, жарғысын (ережесін), банктік реквизиттері туралы жазбаша мәліметтерді және жер учаскесінің өзіне тиесілілігін дәлелдейтін құжаттарды сотқа табыстауға міндеттелсін;
- талап қоюшы сотқа мемлекеттік сатып-алу туралы келісім-шарттың қазынашылық органдарында тіркелгендігі жөнінде мәлімет беруге міндеттелсін;
- жауапкер сотқа заңды тұлғаны (жеке кәсіпкерді) мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін, статистикалық картасын, СТН куәлігін, жарғысын (ережесін) және банктік реквизиттері туралы жазбаша мәліметтерді сотқа әкелуге міндеттелсін;
- жауапкер талап арызға пікір (қарсылық) және пікірді (қарсылықты) негіздейтін дәлелдемелерді сотқа табыстауға міндеттелсін;
- талап қоюшы және жауапкер (олардың өкілдері) Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (Атырау қаласы, Сатпаев

Документ подписан: Сариев Д.К. 12.03.2020



2301-20-4-15397

даңғылы, 3 үй) 27 наурыз 2020 жылы сағат 10.00 га алдын ала сот отырысына шақырылсын;

- талап қоюшыдан мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алынсын және одан жауапкердің тарапынан мүмкін болатын қарсылықтар анықталсын;
- жауапкерден істің мән-жайлары бойынша жауап алынсын, талап қоюға қандай қарсылықтар бар және бұл қарсылықтар қандай дәлелдемелермен расталатыны анықталсын;
- талап қоюшыға және жауапкерге (өкілдеріне) келесі құқықтары мен міндеттері түсіндірілсін: АПК-ң 46 бабына сәйкес іске қатысушы тұлғалар іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтініш жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға құқылы, АІЖК-ң 48 бабының 1 тармағына сәйкес талап қоюшы талаптың негіздемесін немесе нысанасын өзгертуге, талап қою талабының мөлшерін ұлғайтуға не азайтуға немесе талап қоюдан бас тартуға құқылы. Талап қоюдың негіздемесі мен нысанасын өзгерту, талап қою талабының мөлшерін ұлғайту немесе азайту, талаптан бас тарту жазбаша өтініш беру жолымен жүргізіледі және оларға бірінші сатыдағы сот шешім қабылдағанға дейін жол беріледі. Жауапкер талап қоюды тануға құқылы, бұл жөнінде одан колхат алынады. Тараптар істі бітімгершілік келісіммен немесе дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтай алады, оларға тараптар кол қояды және сот бекітеді; жауапкер бірінші сатыдағы сот шешімі шығарғанға дейін алғашқы талап қоюмен бірлесіп карау үшін талап қоюшыға қарсы талап қоюға және сот шешімінің орындалуын кейінге қалдыру және мерзімін ұзарту туралы арыздар беруге құқылы, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс, дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді, егер тарап сот сұратқан дәлелдемені өзінде ұстап қалса және оны соттың сұратуы бойынша ұсынбаса, ондағы мәліметтер осы тараптың мүдделеріне қарсы бағытталған деп ұйғарылады және ол тарап таныған деп есептеледі.

Осы ұйғарымның көшірмесі тараптарға жолдансын.

Ұйғарым шағым жасауға жатпайды.

Судья

Д.К.Сариев

